


«Келісемін»

Кәсіподақ төрайымы


А. Есимбаева
2023



«Бекітемін»

Басшының у.м.а.

Нышанов Ж.С.

«» 2023



Білім беру ұйымдарындағы медициналық пункттің мейіргері және (немесе) мейірағасының лауазымдық нұсқаулығы

Лауазымдық міндеттері: Медбикенің қызметі денсаулықты қорғауға және оқушылардың денсаулығын динамикалық бақылауға бағытталған.

Оқу кезеңінде және каникул кезінде сауықтыру іс-шараларын, оқу орындарында, оның ішінде көшпелі мамандар бригадаларын тарта отырып, профилактикалық медициналық тексерулер жүргізуді ұйымдастырады.

Орта білім беру ұйымдарында аурулардың алдын алуға, ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуге және сақтауға, ұрпақты болу денсаулығын қорғауға бағытталған денсаулық сақтау технологияларын енгізеді.

Темекі өнімдерін тұтынудан, психобелсенді заттарды медициналық емес пайдаланудан, сондай-ақ құмар ойындарға патологиялық тартудан туындаған психикалық денсаулықты қорғау, суицидтік мінез-құлық пен тәуелділіктің алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Оқушыларды профилактикалық тексерулердің нәтижелері бойынша тереңдетілген медициналық тексеруге жібереді.

Жоспарлы, маусымдық немесе эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша білім алушылардың тиісті контингентіне вакцинация жүргізуді және оларды кейіннен бақылауды қамтамасыз етеді.

Аурулардың алдын алу, оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастырады және өткізеді.

Білім беру және түсіндіру іс-шараларын өткізе отырып, ата-аналар мен педагогтарды мектеп оқушыларының денсаулығын сақтауға тартады.

Жіті және созылмалы аурулар, жарақаттар (шұғыл көмек, аумақтық емханаға жіберу, "жедел жәрдем" бригадасын шақыру) кезінде білім алушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға алғашқы көмек көрсетеді.

Есептік-есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді.

Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық қағидаларын сақтайды.

Білуі керек:

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық жүйесі туралы" Кодексі, 1997 жылғы 11 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңы;

пайдаланылған материалды дезинфекциялау ережесі;

орта медициналық персоналдың қызметін ұйымдастыру мәселелері;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өр
қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормалар.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

"Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі", "Акушерлік іс" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) медициналық білім, 2003 жылғы 11 ақпанға дейін осы лауазымға кіріскен тиісті мамандық бойынша Денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша қайта даярлау туралы сертификат немесе куәлік немесе "Мейіргер ісі" (қолданбалы бакалавриат) мамандығы бойынша орта білімнен кейінгі білім немесе "Емдеу ісі", "Педиатрия" мамандықтары бойынша жоғары медициналық", "Жалпы медицина", "Мейіргер ісі" мамандықтары бойынша бакалавриат және орта деңгейлі маман сертификаты.

Таныстым

Жулидаев А

ф